



Ғылыми мақала
МҒТАР 02.71



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-43-59>

Баба Түкті Шашты Әзиз тұлғасының метафизикалық мәні: тарихи сана мен рухани кеңістіктегі көрінісі

Әділбек Нәби^а, Берік Аташ^а, Сұлтанмұрат Абжалов^{✉b}, Сұлушаш Төленова^а

^а Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

^б Қожас Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

✉ sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Бұл жұмыста Баба Түкті Шашты Әзизді қазақ ғылымындағы дәстүрлі жыр-аңыздық кейіпкер ретіндегі келбетімен қатар, оны нақты өмірде өмір сүрген тарихи тұлға ретінде қайта зерделеуге бетбұрыстар жасалынады. Сондай-ақ оны тарих пен философияның кең контекстінде қарастыра отырып, тағылымға толы өмірі, ілімін және түрік-қазақ дүниетанымындағы рөлі пайымдалады. Баба Түкті Шашты Әзиз туралы деректер талданады, оның болмысын әр қырынан қарастырған тарихи, мәдениеттанулық, діни, философиялық зерттеулер негізге алынады. Баба Түкті болмысының тарихи-философиялық негіздерін, соның ішінде далалық-түркілік және исламдық идеялармен арақатынасы салыстырылады да, өзіндік функционалдық мәні мен қызметі бар сакралдық нысандығын тану басты орын алады. Бір қырынан, Исламға дейінгі түрік дүниетанымның көріністерін білдіретін мифопоэтикалық топқа жататын бейне-тұлға ретінде танығысы келетін немесе кейінгі Алтынорда дәуірінде көрініс берген қасиетті жан ретінде репрезентациялайтын бірқатар зерттеушілердің көзқарастарына баламалы талдаулар ұсынады. Оның тұлғасын рухани, қазақ батырлық-күш мәдениеті аясындағы мистикалық құбылыстардың бірі ретінде ғана емес, эпикалық және шежірелік дәстүрдегі пірлік маңыздылығы мәселесіне назар аудару нарратив білімдерді де бағалау қажеттігі тұрғысынан қолға алынады. Нәтижесінде, авторлар оның тұлғалық болмысы мен қазіргі қазақ мәдениеті мен дүниетанымындағы орнына, демистификациялық-мистификациялық, дематифизикаландыру-метафизикаландыру, прагматистік-практикалық, діни және діни сенімдік дүниетаным тұрғысынан келе отырып қорытындылар жасайды.

Түйін сөздер: дүниетаным, дін, философия, тарих, әулие, түріктер, Баба Түкті Шашты Әзиз.

For citation:

Nabi A., Atash B., Abzhalov S., Tulenova S. Historical, ethnographic and cultural representation of the image of Baba Tukti Shashti Aziz// Jete – Journal of Philosophy, ReligJete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – Vol.150. – No.1. – P. 43-59. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-43-59>

Мақаланың сілтемесі:

Нәби Ә., Аташ Б., Абжалов С., Төленова С. Баба Түкті Шашты Әзиз тұлғасының метафизикалық мәні: тарихи сана мен рухани кеңістіктегі көрінісі// Jete – Journal of Philosophy, ReligJete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – Т. 150. – No.1. – Б. 43-59. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-150-1-43-59>

Кіріспе

Түрік-қазақ халқының тарихи шежіресіндегі тұлғалардың бірі – Баба Түкті Шашты Әзиздің болмысы этнографиялық, мәдениеттанулық, теологиялық пікірталастардың нысаны. Ол жалпылама тарихи таным бойынша, діни-сакралды, тарихи әфсаналық кейіпкер ретінде фольклористикалық зерттеулерден бастау алған. Қазіргідей әлеуметтік, мәдени және діни динамиканың өзгеруі жағдайында әулиенің деректеме кәртішкесін белгілі бір биография мен географияға ие нақты тарихи тұлға ретінде көрсету аса маңызды. Баба Түктінің миссиясы мен ой-өрісін түсіну біздің орта ғасырлардағы дүниетамымыздың рухани, кей тұстарда діни пайымдауларымызды ұғынудың өзіндік бір келбетін аша түседі.

Мақсат – Баба Түкті Шашты Әзиздің жеке басы-тұлғасы мен дала тарихындағы рөліне «Тарихтағы тұлғаның рөлі мәселесі» (Гринин, 2011: 175) тақырыбы аясында жан-жақты этнографиялық деректерге сүйене отырып философиялық түсінік беру. Оның өмірін, сіңірген еңбегін және барлық көрінісіндегі рухани мұрасын зерттей отырып, біз кейінгі дәуірлерде түрік-қазақ діліндегі «әулиелік» феноменін зерделеуге де белгілі бір деңгейде жаңа мүмкіндік ашамыз.

Жоғарыда аталған мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу шеңберінде мынадай басты міндеттер ұсынылды:

– Баба Түкті нақты болған адам деген бұлтартпайтын дерек аз. Ғылым да «мифтік бейне» ретінде тануға бейім. Қазақ фольклорында ол пір-әулие кейпінде суреттеліп, бас кейіпкерлер қиналған кезде демеуші, аян беруші әруақ тұлғасында бейнеленеді (Қазыналы оңтүстік. 5-кітап, 2011: 36). Сондықтан да оны нақты тарихи тұлға ретінде тарихи-философиялық жағынан қарастырып, түрік-қазақтық, діни философиялық тұғырлармен байланысын талдау.

– Әулиенің танымал тізбекті аты – антропонимиясы әулие-әнбиелерден айрықшаланатын өзіндік болмысын айқындау. Оның тарихи келбеті мен қоғамдық өмірдегі орны да түпкілікті топшыландырмаған себепті бұрын-соңды тұжырымдалмаған тұстарды концептуал түрде кеңінен тарқату.

– Оның далалық әулиелік ойлау мен сакралдылық мәдениетіндегі орталық ұғым болуы мәселесін қайта зерделеу арқылы кейіпкердің фольклорлық болмысын айғақтау.

Яғни, оны тарихи тұлға, аңыздық кейіпкер, дін өкілі, әулие мен сакрал бейне т.б. әр қырынан тұрғыдан қарастыру маңызды.

Баба түкті Шашты Әзиз болмысын діни тұрғыдан байыптау барысында қазіргі таңда үш тұғырлы көзқарас қалыптасқан: біріншісі, оны тұлғалық болмысы исламдандыруға қарай бетбұрыстардан құралса, екіншісі, көне тәңірлік сенімнің тұлғасы деп танитын түсініктерден тұрады, үшіншісі, жалпы тарихи тұлға, оның ішінде, ерекше қасиет дарыған данагөй ретінде бағалауды негізге алады.

Мәселен, «Дала түріктеріне Исламның таралуы» (Тұрантегі, 1999: 13) мәселесінің де қатарласа кететінін ескерген жөн. Баба Түкті Шашты Әзиз бен Ысқақ бапты исламдық көзқарас тұрғыдан зерттеуші Дулат Тұрантегінің «Ысқақ бап» кітабы өткен ғасырдың 90-жылдары осы тұлғаларды этнографиялық тұрғыдан зерттеуге назар аударады.

Қазақ даласындағы тарихи тұлғаларды зерттеуде ислам дініне қатысты қайшылықты екі түрлі көзқарас бар: бүгінгі қазақ және өзге де Түркістандағы түрік тектес халықтарға дін тек қана қанмен, қылыштың жүзімен ендірілгендігін тарихи деректер бойынша ұсынушылар, екіншісі, ислам дінінің бейбіт жолмен таралғандығы мен түрік халықтарының исламды өз бетінше қабылдағандығы туралы пікірлер. Екеуі де тарихи деректермен барынша нақты дәйектемелер келтіреді. Ал біздіңше, бұл сол дәуірдегі түрік халқы деген түсініктің тым жалпылығы арқылы ашылады, сол замандарда көптеген хандық пен ұлыстың пайда болғандығы және көпшілігінің қатар өмір сүргендігін елестетсек, Түркеш, Хазар т.б. қағандықтары дін таратушы араб басқыншыларына қарсы күрессе, қарахандықтар ислам дінін бірте-бірте еріктерімен қабылдаған. Яғни, түрік халықтарының барлығына жаппай біртектес баға беруге болмайды, бұл үрдістің желісі қазір де байқалады: Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде исламды қуаттаушылар басымдылық танытса, Солтүстік өңірдегілердің, жалпылама алғанда, діни сенімділік деңгейі жоғары емес деп пайымдай аламыз.

Шындығында, осы екі түрлі көзқарас жай ғана пікір қайшылығы емес, тұтастай түрік-қазақ халқының тарихи рухани мұрасын қайта бағалауға, қайта құрылымдауға, этникалық бірегейлікті тануға, мәдениетіміздің келбетін реконструкциялауға дейін алып келетін, ұлттық кодымызды ашуға ықпалдасатын қайшылықты екі фактор болып отыр. Кейінгі кездері, бұл мәселе саяси идеологиялық-экстерналистік ықпалдармен де ұштасып жатқандай.

Қазақ руханиятын біржақты, тек тұтастай мұсылмандық-арабтық діл тұрғысынан қарастыратын кейбір көзқарастар тарихи тұлғаларға емес, исламға дейінгі ұлтымыздың көне тарихын үнемі назардан тыс қалдырып, шектен тыс пайнсыламдандырумен шұғылданады. Олар қазақ руханияты мен ислам дінін бірін-бірі қайталайтын, бірін-бірі толықтыратын, кей сәттерде бірін-бірі алмастыратын изоморфизм тұрғысынан бағалайды.

Ал бұған қарсы көзқарастар, мұндай беталыстың тым көнеден сабақтасып келе жатқандығын, сондықтан, қазіргі таңда да бізге жеткен рухани мәдениеттің көптеген көрінісінің шынайы мазмұны ұмыт болған, тұтастай руханияттың барлығын исламдық сұхбаттастық мәдениет арқылы мұсылмандық сарындағы мифологиямен арнайы бұрмаланған деп түсіндіреді.

Сондықтан олар түрік руханиятының тарихын тым әріден бастау алады деп санайды және оның көне мәдениеттерге ықпал еткендігіне айрықша назар аударады, әрқилы мистификацияларды ғылымиландырады немесе шынайы, оларды тұтастай тарихилық ретінде бекітеді. Көне заман құпиялары ретінде байырғы ұмыт болған «парағылымдар» деп атауға болатын әдіснаманы негізге алып түсіндіреді.

Бұл зерттеу әулиенің жеке басы мен тұлғасына жан-жақты мәдениеттанулық-философиялық талдау жасау арқылы – философиялық пайымдаулар мен дінтану идеяларын синтездей отырып, оның мұрасына және тұлғалық символизмін қайта бағалауға мүмкіндіктер ашады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу әдіснамасы Баба Түкті Шашты Әзиздің тарихи тұлғасы туралы философиялық тұрғыдан жан-жақты түсінік қалыптастыру үшін бастапқы фольклорлық-тарихи дереккөздерді, оларға ғылыми түсіндірмелерді және тарих барысын байыптауға қатысты философиялық тұжырымдаманы өзара үйлестіруді қамтиды.

Осынау ізденісте пайдаланылған негізгі материалдар әулиенің ел жадында сақталған сөздері, оған қатысты жалпы қазақ даласы және қорым-кесенесі орналасқан Созақ аймағындағы аңыз-әпсаналар мен ел аузындағы әңгімелер, бірқатар тарихи өмірбаяндық іздері болып табылады. Сонымен қатар ғылыми энциклопедия-монография, философиялық эсселер, журнал мен газет мақалалары және Баба Түкті тақырыбын қозғайтын бірегей тарихи кітаптар, әсіресе, ортағасырлық авторлар – Әбу Райхан Бируни, Сәфи әд-дин Орын Қойлақының шығармалары, «Қазыналы оңтүстік» атты күнгей өңірінің тарихи, рухани мұраларына арналған көптомдық жобаның әулиелерге арналған танымдық-талдамалық еңбектерінде мазмұндалады.

Осы зерттеуде қабылданған әдіснамалық тәсіл ғалым Ф.А.Кузиннің кітабында әдетте осындай көпқабатты жұмыстарға ұсынатын тақырыптық деректемелерді герменевтикалық талдауды қамтиды (Кузин, 2011), ол мәтіндік экзегез және философиялық интерпретация принциптеріне негізделген. Феноменология, герменевтика және демифологизация, деконструкция, психоанализ сияқты қалыптасқан философиялық әдіснамаларға сүйене отырып, біз бұл жұмыста нысаналы әулие-тұлғаның діни таңдауын анықтаған басты философиялық алғышарттарды, тарихи-саяси тұжырымдамалық негіздерді және экзистенциал мәселелерді ашуға бағыттадық. Оның ішінде, мәтіндік талдау мен философиялық интерпретацияның қалыптасқан әдістері басшылыққа алына отырып, зерттеудің нақты мақсаттарына сәйкес келетін тарихи кезеңдеушілік модификациялар мен инновациялар да назардан тыс қалмады. Өз кезегінде бұл пәнаралық интегратив әдіснамаларды қолдану мен философиялық тұжырымдамаларды бейімдеуді және заманауи философиялық идеяларды тарихи тұлғалардың жеке басын талдауға біріктіреді.

Талқы және нәтижелер

Тарихтағы тұлғаның рөлі негізгі тарихи-философиялық мәселелердің бірі ретінде постмодернистік тұрғыдан «индивидуаланған субстанциялар» түрінде түсінілгенмен, жеке тұлғалардың тарихи оқиғалардың барысы мен дамуына әсерін зерттеу, сондай-ақ олардың қоғамды, саясатты, мәдениетті т.б. ықпал етуі тұрғысынан алғанда, олар тарихи прогрестің субъектілері болып табылады.

Қазіргі гуманитарлық ғылым тарихи оқиғалардың Құдай, яки, әлдеқандай жоғарғы күштердің нұсқауымен алдын-ала анықталып белгіленуі идеясын құптамайды. Француз әлеуметтанушы-философы Р. Арон бұл туралы: «Әлеуметтанулық ой толғамның даму кезеңдері» кітабында былай деп жазады: «Егер алдыңғы элементтердің біреуі де болмаған болса, қандай да бір тарихи оқиға басқаша болар еді» дейтіндер бұл тұжырымын дәлелдеуге тиіс» (Арон, 1993: 506).

Мұндай пайымдардың пайдалы тұсы – тарихи оқиғалар алдын-ала анықталмағандықтан, болашақтың да көптеген баламасы бар және түрлі топтар мен лидерлер қызметі нәтижесінде өзгеруге қабілетті болу себептіліктен, бұл әртүрлі адамдардың, мысалы рухани адамдардың да іс-әрекеттеріне де байланысты келешек өзгермелі болып шықпақ. Ал бұл ежелден келе жатқан көкейкесті метафизикалық сұрақ – адамның таңдау еркіндігі мәселесімен тікелей беттестіреді. Алайда мұнда да ескерілмейтін бір жайт бар. Тарих цикліндегі дәуірлердің ауысуындағы мәселелер ауқымын тұтастай зерделеу сол кездегі діни сенімдерсіз мүмкін емес, өйткені біз діни идеология емес, дін философиясын негізге ала отырып, адамзаттың тарихи келбетін ғана емес, сол дәуірдегі танымының көп жағдайда діннен тыс бола алмайтындығын түйсіне аламыз. Олар тек дін туралы емес, жалпы әлем туралы пайымдаулардың когнитив мазмұнын қамтиды, сенімге қатысты тарихи философиялық шындықтарды ғана емес, сол сенім ықпалынан туындаған, қалыптасқан, әрқилы діни сенімдер әсер еткендіктен құрылымданған санаға үңілу феноменологиясына қарай жетелейді.

Тұлға – өзінің барлық потенциал маңызды рөлімен, көбіне өз қызметінің алыс түгілі жақын салдарын да болжай алмайды. Өйткені тарихи үдерістер өте күрделі және уақыт өте келе болған оқиғалардың күтпеген салдары ашылады. Сонымен қатар философ Леонид Гринин сипаттағандай, адам тек іс-әрекеттерімен ғана емес, әрекетсіздікпен де, тікелей немесе жанама түрде, тірі кезінде немесе қайтыс болғаннан кейін де айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Ал адамзат қоғамдарының тарихы мен одан әрі дамуындағы елеулі із тек оң ғана емес, сонымен қатар теріс болуы заңды. Сонымен бірге біржақты және мәңгілікпен анықталмайды, әсіресе, жеке тұлғаны бағалау саяси және ұлттық бейімділікке де байланысты (Гринин, 2011: 175).

Тарих ғылымы үшін бұл мәселе екі себепке байланысты маңызды:

1. Теориялық. Тарихи үдеріс табиғи ма? «Жеке тұлғалар тарихтың барысына әсер ете ала ма, оны өзгерте ала ма?», «Жоққа шығара ма?» немесе «Тарихи заңдылықтардың әрекетіне әсер ете ала ма?». Немесе «Жеке тұлғалар өздерінің тарихи миссиясын орындай ма?» және «Олардың әрекеттері тарихтың барлық бағытымен алдын ала шартталған ба?
2. Практикалық. «Адамдар шындықты қалай өзгерте алады?» және «Болашақ дамуға қалай әсер етеді?». Көптеген адам үшін бұл сауалдар тұрмыстық деңгейде: «Мен өмірді

өзгерте аламын ба?», «Мен әлемді өзгерте аламын ба?», «Менің не істеп жатқаным маңызды ма?» деп қойылады (Гущин, 2013: 233).

Бұл ретте аңыздалған әулие, қазақ руханияты мен дін тарихында айрықша орны бар Баба Түкті Шашты Әзиз тұлғасы өте маңызды зерттеу материалы бола алатынын алға тартамыз.

«Түркістан – руханият бесігі» лингво-өлкетану энциклопедиясында берілген мәліметтер бойынша Баба Түкті Шашты Әзиздің азан шақырып қойған аты – Садр-ад-дин Мұхаммед. Денесінде түгінің көп болуына байланысты «Баба-Туклас» аталып кеткен. Шығу тегі жағынан қарахандық билеушілер әулетінен. Отырардың соңғы ханы Білге ханның төртінші ұрпағы. Туған жылы белгісіз, қайтқан уақыты XIV ғасырдың бірінші жартысы деп есептеледі. Жошы ұлысындағы Өзбек ханның Ислам дініне толығымен бет бұруына ықпал еткен төрт Иасауи жолы өкілдерінің бірі. 1320 жылы пірлері Зеңгі Атаның сілтеуімен қасындағы серіктері – Саййид Ата, Ұзын Хасан Ата, Бадраталармен бірге Өзбек ханға барып, оны ордасымен Ислам дініне бет бұрғызады. Сол кезеңнен бастап Ислам діні Жошы ұлысында мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріледі (Түркістан – руханият бесігі, 2019: 97).

Өз кезегінде мұны нақты тарихи дерек деп басшылыққа алсақ, әулиенің тағы бір – аңыз қаһарман-кейіпкері ретіндегі қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін мазмұндық қырының да барлығына назар аударған жөн. Сол энциклопедия осы деректеменің жанында үш аңыз версиясын да қоса береді. Оның ұзын-ырғасы төмендегідей:

Бірінші аңыз: Шын есімі «Баба Туклас». Әкесі – Керемет Әзиз. Ол Меккеде патша болған, мұсылмандар арасында әулие саналған. Қажылық сапармен барушылар, ең алдымен, Мұхаммедтің, онан кейін Әлем Музтазы Сейіттің, содан соң осы Баба Түкті Шашты Әзиз қабіріне барып тәу еткен.

Екінші аңыз: Баба Түкті – Қожа Ахмет Иасауидың арғы бабасы, Ислам діні Түркістан топырағына тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі. Қорқыттың замандасы. «Баб Ата» күмбезі сол кісінің қабірінің басына салынған. Айта кетейік, академик Әлкей Марғұлан осы аңыздың тарихи негізі бар деп санаған.

Үшінші аңыз бойынша Баба Тукластың баласы Еділ-Жайыққа келіп, оның Құтлубек атты ұлынан Едіге батыр туған. Ал «Едіге батыр» жырында Баба түкті Шашты Әзиз – сол батырдың тікелей әкесі ретінде суреттеледі. Халық арасындағы аңызда ол су жағасында намаз оқып отырып, үш пері қызын көреді. Намазын бітірген соң, әлгі үш қыздың біреуінің қолынан ұстайды. Қыз суға сүңгиді, әулие де сүңгиді. Ақырында Баба Түкті Шашты Әзиз соған үйленеді. Қыз үш түрлі шарт қояды: «Аяқ киімімді шешкенде аяғыма қарама», «Киімімді шешкенде қолтығыма қарама», «Шашымды жуғанда, төбеме қарама» дейді. Алайда әулие әлгі үш шартты да бұзады. Оны сезген пері: «Ішімде алты айлық балаң бар! Соны мен Көк дария жағасындағы «Құмкент» деген жерге тастап кетемін, іздеп тауып ал!» дейді де, аспанға ұшып кетеді. Баба Түкті уәделі жерден құндақтаулы нәрестені тауып алады. Айдалада туғандықтан есімін «Едіге» қояды (Түркістан – руханият бесігі, 2019: 97).

Рас, Баба Түктінің нақты өмірде болып өткенін куәландыратын мағлұматтар аз. Жоғарыдағы аңыздық түрлілік пен олардың өзара қайшылықтары да бұған

дәлел. Сондықтан ғылымда, әсіресе әдебиеттануда ол көбірек мифтік бейне ретінде танытылумен келеді. Қазақ фольклорында ол әулиелердің әулиесі кейпінде тым көтеріңкі суреттеледі. Батырлар жырында бас кейіпкерлер қиналған кезде демеуші, аян беруші аруақ тұлғасында бейнеленеді. Мысалы, «Алпамыс батырда» Байбөрінің түсіне Баба Түкті Шашты Әзиз кіріп, әйелінің бір ұл, бір қыз табатыны туралы аян береді. Кейін Алпамыстың демеушісі болады [Қазақ халық әдебиеті. 1-том, 1986]. Басына қиындық түскенде Баба Түктіден медет тілеу дәстүрі халық арасында күні бүгінге дейін сақталуда.

Дейтұрғанмен, оның тарихилығын біздің екінші аңыз – академик Әлкей Марғұлан жақтаған нұсқа арқылы анықтай алатын тәріздіміз. Онда да Әзіретәлі ұрпағы – қожа – Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабасы емес, таза түркілік қайраткер-тұлға ретінде түстеп танушылық.

«Қазыналы оңтүстіктің» әулиелерге арналған 3-кітабы соңындағы сөздігінде: «Баба Түкті Шашты Әзиз – қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Мұсылмандар арасында әулие саналған. Ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар» (Қазыналы оңтүстік. 3-кітап, 2011: 293) - дейді.

«Қазыналы оңтүстіктің» Оңтүстік Қазақстан облысының агиотопонимдеріне арналған 144-томында кітап құрастырушылары Қ.Т. Тәжиев пен Ш.И. Исахова да осы белеңді белгілесе (Қазыналы оңтүстік. Т.144, 2014: 52), күнгейлік әулиетанушы Хамза Көктәнді «Түркі теберігі Түркістан» кітабында: «Шашты Әзиз VIII ғасырда өмір сүрген» (Көктәнді, 2008: 100) деп атап өтеді.

Дулат Тұрантегі де, оның тақырыптас әріптестері ғұмырнамасын дәуренін VIII ғасырда өмір сүрген Күтайба ибн Мүсілім әл-Бақилидің Түркістан топырағына діни жорықтарының дүрбелеңді заманымен байланыстыра атайды. Бұл жерде алтынордалық версияны осы күнге жеткен «Шыңғыснамаларға» иек арта қуаттап жүргендердің денінің тарихшы Зікірия Жандарбек секілді сопылықтану бағыты ғалымдары екені белгілі. Әрине, ол нұсқаны ұстанушылардың да өзіндік дәлел-дәйектері жетерлік. Әйткенімен біздің топшылауға сәйкес мұнда бір атаумен бірнеше тұлғаның танылып, бір кісі болып кететін дала тарихының үрдістерін ескере келе «түпнұсқаға» ұмтыламыз.

Қазақ мәдениетін тұтастай исламдандыру тұрғысынан қарайтын көзқарастар бойынша, ол Алтын Орда дәуірінде өмір сүрмеген, керісінше, Ұлы далаға Ислам діні енуінің алғашқы кезеңінде жасаған адам болып саналады.

Бір қарағанда, қатарлас анықтауыштан тұратын есімге тоқталып, әрбір буынына тоқталатын болсақ, Бабасы – «баба», Түктісі – «түк» (Түрік-қазақ дүниетанымында түкті, жүндес болудың қасиет иесі, әруақты болу деген мәнде де жүретінін ұмытпайық), Шаштысы – «шаш», ал «Әзизі» филолог Гүлфар Мамырбекованың «Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі» бойынша айтсақ, кәдімгі «әзіз» – «құрметті», «қадірлі», «сыйлы» деген мағыналарды білдіретін араб тілінен (ғазиз ۴۴۴۴) енген сөз (Мамырбекова, 2017).

Әулие антропонимиясын талдағандардың алғашқыларының қатарындағы Дулат Тұрантегі мен Жарылқасын Боранбайдың «Баба Түкті Шашты Әзиз» кітабында: «Қазақ тілінен аз-кем хабары бар әрбір адам Баба Түкті Шашты Әзиз әулие атының төрт

анықтауыш сөзден тұратынын бірден бағамдар еді» дей келе, біз жоғарыда тармақтағанға ұқсатып тізе отырып, «Ол сөздің шын мағынасы өзінің тіркескен сөзі, сөйлемдегі тұрған орны арқылы анықталады» (Тұрантегі, Боранбай, 1996: 22) – дейді.

Бір қызығы, лингвист ғалым Ісмет Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» ол тізбе: «Ескі ұғымда қолдап-жебейтін әулиені» білдіретін діни тіркесім ретінде алынған (Кеңесбаев, 2007). Яғни нақтылы кісі аты емес, бүркеншік есімге ұқсастырыла тізімделген.

Әрине, халық жадында жыр болып жатталып қалған деректер мен сипаттаулардан әулиенің түкті де, шашты бейнедегі кісі болғанын көреміз. Айталық, Қазыналы оңтүстіктің сол 144-томында: «Баба Түкті Шашты Әзиз де әкесіне тартып, түкті болған. Шашы тобығына түсіп, көбіне қысы-жазы жалаңаяқ жүретін, зор денелі, батыр тұлғалы екен» (Қазыналы оңтүстік. Т.144, 2014: 52) деген мифологияға сүйенген дерек келтіріліп, әкесінің де ерекше қасиеті, денесінің түгі түйенің шудасындай желкілдеп, бет-аузы сақал-шаштан әзер көрінгенін баяндайды.

Байбота Қошым-Ноғай бір кездері ұсынған, Дулат Тұрантегі сынаған әулиені Қазақстан топырағынан алып шығып, Фараби, Низамиердің рәуішіне салып көне Тәшкентке апарып тірейтін «Шаши» нұсқасы (Үкаша ата, 2018: 15) да бар. Назар аударсақ Баба Түктінің алтынордалық нұсқасының өзін екі арнада қарастыру керек болады. Дәлірек айтқанда, «Ер Едігеге рухани ұстаз болды» делінетін ғұлама Низам-ад-Дин бин Мұхаммед Азиз аш-Шашиге де тоқталуға тура келмек. Ал Өзбек ханға Меккеден арнайы шақырумен келетін Баба Түкті – біз бастапқыда баяндап өткен бірінші аңызбен мазмұндалып, ол алтынордалық нұсқалардың біріне жуықтайды.

Бұл жерде біз «баба» сөзіне ғана ерекшелік беріп, бұрынғы түсіндірмелерінен сәл басқаша көзқарас ұсынамыз. Ислам тұрғысынан қарастыратын еңбектерде: «Баб – арабша «қақпа». Ислам діні уағызшыларының орта ғасырдағы құрметті атағы. Бабтар қазақ даласының оңтүстік өңірінде халық тарапынан жоғары құрметке ие болған. Қожа Ахмет Иасауидің «Сайрамда бар сансыз баб, Түркістанда түмен баб, Бабтар бабы Арыстан баб» деп айтатыны сондықтан. IX-X ғасырларда жергілікті қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, оғыз-селжұқ тайпалары және Қарахан әулетінен баб көп шыққан. «Бабтардың бабы» есептелінген Арыстан баб Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы болған. Оның шәкірті Ысқақ бабты халық «Баб ата» деп атаған. Академик Әлкей Марғұланның еңбектерінде «Баб ата» халықтың Баба Түкті Шашты Әзизге қойған аты делінеді және шын есімі «Мұхаммед Бабай» деп те көрсетіледі» (Қазыналы оңтүстік. 3-кітап, 2011: 293) деп берілген.

Дж. С. Тримингэм өзінің «Исламдағы сопылық тариқаттар» деген еңбегінде «баба» деген дәруіштің түрік тіліндегі баламасы, «дін насихатшысы», «ақылшы», «ойшыл адам» деп қорытынды жасаған. Осы көзқарасты қуаттағандардың бірі философ Ғарифолла Есім «Адам-зат» философиялық эсселер кітабында: «Шынында да, халқымыздың дүниетанымында «баба» туралы түсініктер мол-ақ. Мысалы, қыпшақ-қараханидтер дәуіріндегі (IX-XII ғғ.) Баба Түкті Шашты Әзиз немесе Арслан баба, Зеңгі баба т.б. «Баба» да сопылық философияға қатысты пайда болған ұғым болуы кәміл. Көне түрік жазуларында «әулие», «ата», «баба» деген ұғымдар жоқ. Мұның бәрі ислам дінімен және мәдениетімен енген түсініктер» (Есім, 2008: 197) - деген ойды ілгерілетеді.

Сонымен, әулиенің шын есімі кім? Туклас па, әлде Әлкей Марғұлан айтқандай, Мұхаммед Бабай ма? Егер де, «Садр-ад-дин Мұхаммед» есімімен байланыссыз қарстырсақ, Д. Тұрантегі мен Ж. Боранбай: «Көптеген жазба деректе Баба Түкті Шашты Әзиз – «Баба Туклас» болып ұшырасады. Бұл қалай деп ойлайсыз? Сөйтсек, оның шешімі «Қобыланды батыр» жырында ап-айқын жазылып қойыпты. Біз, шіркіндер, зер салып оқымаппыз. Оның орнына қытайдың, арабтың, орыстың деректеріне құр босқа көз сүзіппіз» (Тұрантегі, Боранбай, 1996: 22), – деп пайымдалған пікірлерге кезігеміз.

Расымен де, Қобыланды батыр Көбіктінің қолына түскенде былай деп жан сырын ақтарады: «Әуелі Құдай ағындым, Ата-анамды сағындым. Жауға бенде болғаным, Жау жақындап келгенде, Қара басып өзімді, Ұйқы басып көзімді, Ықылас ата Шашты Әзиз, Омар менен Оспандай, Ішім толып пұшманға-ай, Жеті пірді жаңылып, Жазым түстім дұшманға-ай. Егер пірді жад етсем, Дұшпан батыр болар ма?» (Қазақ халық әдебиеті. 1-том, 1986).

Сонда Баба Түктінің шын аты – «Ықылас», «Түкті Ықылас» деп жылдамдатып айтсақ, өзінен-өзі «Туклас» шыға келмек» (Тұрантегі, Боранбай, 1996: 22). «Туклас» яки «Тұғаластың» эквивалентті деп айта аламыз, ендеше, есімі – Ықылас болуы да ықтимал.

Кейбір көзқарастар, сайып келгенде, Баба Түкті Шашты Әзизді мұсылман дінін уағызшысы ретінде ғана бағалайды, оны Тәңір түсінігін Аллаға алмастырушылардың бірі ретінде бағалайды: «Ол ерекше қасиетті игергендіктен де, тым ақылсыз емес еді. Келіп қалған замана ағымын тез түсінеді. Бұрындары бар тіршіліктің тірегі «Тәңір» деп білген діннен гөрі Алланың, Жаратқанның, Құдайдың бар екенін танудың артықшылығын ақылмен тез пайымдайды» (Тұрантегі, Боранбай, 1996: 33).

Серікбол Қондыбай: «Оның образы – Қорқыт пен Майқының трафареттік параллелі, генезисінде олар бір образдар. Бірақ әрбір орта мен уақыт оларға басқа есім мен ерекшеліктер берген» (Қондыбай. 1-том, 2008: 21) - дейді. Қондыбайдың тағы бір болжамынша, Баба Түкті Шашты Әзиз – ежелгі Алаш-Митра Тәңірдің сарқыншағы және зороастризм негізін қалаған бірінші пайғамбар – Заратуштраның далалық көшпелілер арасында сақталған бейнесі, эпитеті болуы мүмкін. «Арғықазақ мифологиясында» Якут мифологиясындағы Үрін Айы Тойонмен салыстырады және реті келгенде мысыр, парсы, грек мифологиясындағы баламаларын да атап өтеді. Қазақ эпикалық және шежірелік дәстүріндегі ең басты, ең күшті әулие, «әулиелердің әулиесі». Баба Түкті – ежелгі түркілік күн тәңірі мен күнтексті патша, абыз, алғашқы адам образынан бастау алған. Ислам дәуірінде ғана бүгінгі образы қалыптасқан. Баба Түктінің үш сипаты сақталған, бірінші – пір, әулие; екінші – эпостық батырдың, яғни Аңшыбайдың баласы.. қарақұс түріне өзгере алатын, батырға тікелей жәрдем бере алатын сиқыр иесі... (Қондыбай, 3-том, 2008: 135).

Баба Түктінің аңыздық географиясы ең алдымен Оңтүстік Қазақстанның «киелі аймағы» Қаратау – Сыр өңірімен байланысты, моласы Жылыбұлақ деген жерде. Баба Түктінің екінші «аймағы» – Маңғыстау. Мұнда Үштаған, Сазды деген өңірде Баба Түкті Шашты Әзиздің «екінші моласы» орналасқан. Бірақ маңғыстаулық Баба Түкті туралы аңыз өте аз, сондай-ақ, «Қырым» циклінде айтылады (Қондыбай, 3- том, 2008: 135).

С. Байдаулетов тарихи тұлғаларды исламға қатыссыз түрде қарастыра келе, оның түрік руханиятындағы өзіндік бір айшықты болмысын сакралдандырып көрсетеді (Байдаулетов, 2020).

Ал Мағрипа Жылқыбаева Баба Түкті Шашты Әзіз феноменіне ғана емес, жалпы түркілік-исламдық сенімдер мен дүниетанымды тұтастандыра қарастырады да, сенімдердің ғана емес, әсіресе, атаулардың шығу тегін тым көне дәуірлерден тамыр тартады деп түсіндіре келе, жалпы әлемдік мәдениеттің рухани синкреттілігіне көбірек назар аударады, сайып келгенде, оның құпия кодтары сақ жазуы, оның ішінде, Есік жазуына қатысты деген тұжырым жасай отырып, көне үйсін-сақ тілдеріндегі дауысты дыбыстардың қатар келетін дифтонгизациясына үңіледі (Ол қазір Якут, Алтай т.б. тілдерінде сақталып қалған): «Бисмилаһиді тұңғыш ұстанғандар мұз дәуіріндегілер екен. Оны бізге Есік қорғанының жазуы айтуда. Оны Мұз дәуірінде түсірілген 196 АИАТИТИТден алыппыз. Осының барлығын өзі жазып алған тұңғыш жан, сол елдің ішінде, КАААРИМАААТИ ХУТМТИ (Түркі баба Шашты Әзіз) аталыпты. Оның тағы есімі ШАААРИПТИТИ ХАААЖИСИХУТИМ – әлем бойынша бірінші қажы» (Жылқыбаева, 2019: 451).

Баба түкті Шашты Әзіздің халқымыздың тарихи жадысында сақталуының айқын бір көрінісі, оның «әулиелігі» мен «қасиеттілігі». Ол тек схоластикалық тұрғыдан ғана емес, діни тәжірибе тұрғысынан да маңызды қызмет атқарып келеді. Мысалы, «Созақтағы Құмкент ауылының маңындағы Жылыбұлақ жерінде кесенесі орын тепкен Баба Түкті Шашты Әзіз бүкіл Алаш жұрты қиын-қыстауда медет тілейтін, жауға шапқанда ұрандататын киелі әулие. Қажымұқанның өзі күрескенде «Уа, әруақ, Баба Түкті Шашты Әзіз рухы қолдай гөр» деп сыйынған екен. Тіпті оның әрбір күш додасына аттанбас бұрын осы мекенге келіп зияраттап, құран оқып кетіп отырғаны айтылады» (Балуан тас. 2-кітап, 2021: 183). Баба Түктіге қатысты өзге де нешеме аңыздардың жеке-жеке талдауды қажет ететіні шындық. Перілер әлемі-сұлу қыздары аңыздары, Баба Түктінің бала кезіндегі ерекше қасиеттілігі мен түс жорығыштығы, яки құдайдың өз достары – әулиелерге берген кеңдігі туралы идеяны паш ететін «Баба Түкті Шашты Әзіз бен Алдашы туралы» аңызы трансцедентті-онтологиялық қабаттарға бай. Қазақтың «Шашты Әзіздің шапалағы тиген соң, Алдашының (жан алғыш) көзі шапыраш болып қалған» деген сөзінің түбі, мінекей (Бабалар сөзі. 2011: 238). Баба Түкті Шашты Әзіздің көне жазбалардағы, жоғарыда айтылғандай эпостардағы сакрал болмысы ХІХ-ХХ ғасыр басында өмір сүрген қазақ ақыны Құлыншақ Кемелұлы толғауларында да сол сарында қайталанады: «...Баба түкті Шашты әзіз Ұлыздарға ұл берген, Айналайын Қаратау, Әулиенің кені едің...» (Кемелұлы, 2015: 58).

Қорытынды

Қорытындылай келе, Баба Түкті Шашты Әзіздің тұлғалық болмысы хақындағы зерттеулеріміз бойынша мынадай қорытындылар алуымызға болады.

1. Түрік-қазақ мәдениетіндегі сакрал дүниетаныммен эзотеризмде паттауға болатындай, қазіргі ғылыми таным үшін дискурсивтендіруде күрделі мәселеге тап болатын түсініктің бірі – «әулиелік» феномені. Бұл құбылыс діни-мистикалық, сакрал-эзотериялық мағына жамайтын, формал логикалық әдіспен бағамдалуы қиындық келтіретін «халықтық білімнің» өзіндік бір құндылығы ретінде бағаланады. Атеистік көзқарастар тұрғысынан мойындала бермесе де, діни философия, метафизикалық пайымдаулар, нарратив

білімдер, әулиелік архетиптер арқылы бұл үрдістер қазіргі таңда да құндылық ретінде бағамдалады: а) «Әулиелік» феноменін демистификацияласақ, десакралдап редукция жасасақ, верификациялық түрде деконструкцияласақ, алдымен, олар, тарихта болған тұлғалар, бұрынғы заманда өмір сүрген ата-бабаларымыз, сол дәуір үшін әлеуметтік мәртебеге ие болғандықтан, осы мәртебе тарихи жадта сабақтасып, сақталып қалған, схоластикалық діни қағидалармен ғана емес, жалпы табиғи дінмен, әрқилы сенімдермен ассоциация береді. Сондықтан да ол тұлғалардың жеке болмысына қатысты әрқилы мифтер шоғырланады, олар дәуір мен заманалар ауысуына байланысты толықтырылып, өзгертіліп, жетілдіріліп отырылған; ә) Діни метафизикалық тұрғыдан келсек, әлдеқандай бір жоғары күштермен, жанның мәңгілігі туралы анимистік түсініктермен көмкеріледі. Адам жанының мәңгілігі басқаша метафизикалық пайымдаулармен түсіндіріледі: жан – мәңгі өлмейтін өзге бір әлемде өмір сүргендіктен, кеңістіксіз-уақытсыз парадигмалардан тыс болатын, өзінен кейінгі «осы дүниемен» тылсым күштер арқылы да байланыс орнататын, әрбір кезең үшін «осы заман» болып жалғасатын ұрпақтарына дем беруші, жәрдемдесуші, игілікті ықпал етуші мистикалық әлем бейнелері.

2. Оның тәңірлік немесе мұсылман дінін насихаттаушы өкіл болғандығы туралы дискурстардан тыс қарастырсақ, таза діни тәжірибені прагматикалық тұрғыдан негізге алсақ, бұл тұста, халықтық нарратив білімдердегі аруақтарының желеп-жебеп жүретіндігі туралы қазіргі ғылыми танымға әзірге белгісіздеу болып келетін трансмедитациялық күй мен өмірмәнділік қажеттіліктерге орай, халықтың сұраныстары мен өтініштерінің орындалуының мистикалық табиғатына жүгінсек, оның әулие ретінде әрқилы шекаралық жағдайларда «құтқарушы күш» ретінде сенімдік тұрғыдан бекітілгендігін басшылыққа алсақ та, екіұдай пікірге кезігіміз: біріншісі, атеистік және материалистік реализм тұрғысынан бағалайтын, тек сенім ғана деп түсіндіретіндер, екіншісі, кейінгі ұрпақтарына, басқа да оған сиынушыларға жәрдем беруші тылсым рух екендігінің мистикасы. Осы тұста, ғылыми танымдағы эмпирикалық тексерулерді үш масштабта жүргізуге болады: а) парағылымдар тұрғысынан сананың өзгерген қалпы, гипноз т.б.; ә) жаратылыстану ғылымдары тұрғысынан тексеру; б) жай ғана әлеуметтік зерттеулер арқылы нақты нәтижелерге үңілу. Мәселен, Баба Түкті Шашты Әзіздің басына түнеп, өздерінің тілектері мен әрқилы өмірлік қалаулары бойынша тәжірибе жасағандарды тұтастай статистикалық мәліметтер бойынша жинақтап, яғни, санын анықтап, белгілі бір уақыт өткеннен кейін, олардың қанша пайызына әулиелік рух игілікті әсер етті, қанша пайызына ықпал етпеді т.б. нәтижелерін анықтауды нақты математикалық айғақтармен нақтылау қажет, әрине, бүгінгі күнге дейін мұндай зерттеулер жүргізілген жоқ. Осыдан нақты сауал туындайды, егер де, әулиенің зиратына жүгінгендердің көп бөлігі (мүмкін, 80-90 пайызы) оңды нәтижелерге қол жеткізген болса, бұл көрсеткіш үнемі қайталанып тұратын болса, ол халыққа тиімді және еш зиянсыз болатын болса, онда жаратылыстанулық тұрғыдан дәйектеуді бірінші кезекке қою қаншалықты маңызды – бұл тек осы тұлғаға ғана емес, жалпы ғылыми білімдер мен ғылыми емес білімдер дискурсына қатысты философиялық мәселе. Ал жаратылыстанулық, психологиялық-нейрофизиологиялық тұрғыдан зерттеулер бұл феноменді кванттық физика, сананың өзгерген қалпы, трансперсонал психология т.б. тұрғыдан келуді қажет етеді.

3. Баба Түкті Шашты Әзіз байырғы түркілік аруаққа сенімнің көріністерінің бірі, ата-бабасын құрмет тұту мен тарихи жадында сақтаудың үлгілерінің айқын көрініс ретінде, тарихи тұрғыдан бірегейлену бойынша да, өткеніміздің құндылықтарын бағалау, ал оның ескерткіші өткеннің құндылықтарын бағалау ретінде өздігінен эстетикалық және онтологиялық құндылық болып табылатындығы сөзсіз. Әулиенің дала руханияты тарихындағы негізгі тұлғаның бірі ретіндегі маңыздылығын растайды. Оның мұрасы мен түрік-қазақ мәдениетінің барлық қабатында қалдырған іздері жаңа философиялық зерттеулер мен теологиялық рефлексияларға серпін беріп, ғылыми көкжиектер ұсынады. Болашақта осы тақырыпқа қатысты қосымша зерттеулер пәнаралық диалогқа, әртүрлі философиялық дәстүрлермен өзара әрекеттесуге және қазіргі контексте жалпы әулие-әнбиелер тақырыбын түсінудің жаңа жолдарын іздеуге әкелуі мүмкін. Баба Түкті тұлғасының тереңдігін зерттеуді жалғастыра отырып, біз философиялық зерттеулердің рухани табиғаты және әртүрлі далалық образдардың тарихилығы туралы құнды ақпараттар ала аламыз.

Авторлардың қосқан үлесі

Нәби Ә.Ж. – мақаланың жалпы жазылу идеясын айқындап, тұжырымдамасына, логикалық бірізділігі мен деректердің дұрыстығына жауап береді.

Аташ Б.М. – мақаланың аңдатпасы мен әдіснамасын негіздеп, қорытынды тұжырымдарын дәйектеді.

Абжалов С.Ө. – мақала мазмұнын дәйектеп, өрбу арнасын анықтап, логикалық негіздерін тұжырымдады.

Туленова С.Ж. – мақаланың мазмұнына үлес қосып, редакциясына, рәсімделуіне жауап берді.

Мүдделер қақтығысы

Бұл жұмыстың авторлары мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арон Р. Этапы развития социологической мысли / Общ. ред. и предисл. П.С. Гуревича. — М.: Издательская группа «Прогресс» – «Политика», 1993. – 608 с.
2. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 78: Қазақ мифтері. – Астана, «Фолиант», 2011. – 448 б.
3. Байдаулетов С.С. Алтын киімді ханзада ұранды қарт қазақтар: Немесе көне заманның көкбөрілерінен – жаңа заманның барысына дейін: тарихи-танымдық жинақ / С.С. Байдаулетов. – Алматы, 2020. – 480 б.
4. Балуан тас. Балуандар мен күрес өнеріне байланысты аңыз-әфсаналар, қисса-дастандар, ел аузындағы әңгімелер (тарихи деректер). 2-кітап. Құраст. А. Қалназаров. Алматы, «OtbasyBooks» баспасы, 2021. – 408 б.
5. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 1: Батырлар жыры. – 264 б.
6. Гринин Л. Е. Лекция: Роль личности в истории: история и теория вопроса // Философия и общество, 2011. – №4 (64). – С. 175-193.

7. Гуцин А.А. Роль личности в истории // Модели, системы, сети в экономике, технике, природе и обществе. – 2013. – № 3 (7). – С. 233-236.
8. Есім Ғарифолла. Адам-зат. – Астана: Ақарман, 2008. – 382 б.
9. Жылқыбаева М. Алтын адамның мұрасы. Т. 2: Сақ қорғандардың құпия тілі – 300 мың жылдық өмірнаме / М. Жылқыбаева. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2019. – 608 б.
10. Кемелұлы Құлыншақ. Шығармалары / Құраст. О. Жолдыбай. – Астана: Фолиант, 2015. – 384 б.
11. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
12. Көктәнді Хамза. Түркі теберігі – Түркістан. – Алматы: «Қасиет», 2008. – 191 б.
13. Кузин Ф.А. Методика написания. Правила оформления. Порядок защиты. Практическое пособие для докторантов, аспирантов и магистрантов / Под ред. Абрамова В.А. – 4-е изд., доп. – М.; Ось-89, 2011. – 448 с.
14. Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т. Тәжиев, Ш.И. Исахова. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2014. – Сер.: Түркістан кітапханасы. 144-том: Оңтүстік Қазақстан облысының агиотопонимы. – 328 б.
15. Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т. Тәжиев. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011. – Сер.: Түркістан кітапханасы. 22-том: 5-кітап: Әз әулиелер. – 288 б.
16. Қазыналы оңтүстік / Құраст.: Қ.Т. Тәжиев. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2011. – Сер.: Түркістан кітапханасы. 22-том: 3-кітап: Әз әулиелер. – 304 б.
17. Қондыбай Серікбол. Толық шығармалар жинағы / Серікбол Қондыбай әлемі. 1-том. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Арыс, 2008. – 373 б.
18. Қондыбай Серікбол. Толық шығармалар жинағы / Серікбол Қондыбай әлемі. 3-том. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары – Алматы: Арыс, 2008. – 280 б.
19. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 2017. – 658 б.
20. Тұрантегі Д., Боранбай Ж. Баба Түкті Шашты Әзиз. Танымдық зерттеу. – Шымкент: «Жібек жолы» баспасы, 1996. – 48 б.
21. Тұрантегі Д. Ысқақ бап. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – 128 б.
22. Түркістан – руханият бесігі. Лингво-өлкетану энциклопедиясы. Бірінші кітап. – Нұр-Сұлтан. Нұрнама. KZ, 2019. – 504 б.
23. Ұкаша ата / Құраст. М. Даутбаев. – Шымкент: ЖК «Байтасов Б.С.» баспаханасы, 2019. – 96 б.

Адилбек Наби^а, Берик Аташ^а, Султанмурат Абжалов^б, Сулушаш Туленова^а

^аКазахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

^бМеждународный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
Туркестан, Казахстан

Метафизическое значение личности Баба Тюкти Шашты Азиза: проявление в историческом сознании и духовном пространстве

Аннотация: В данной работе проводится анализ образа Баба Тюкти Шашты Азиза как традиционного персонажа казахской мифологической и эпической культуры, а также предпринимается попытка переосмыслить его как историческую личность, реально существовавшую

в прошлом. В контексте истории и философии рассматриваются его жизненный путь, учение и роль в тюркско-казахском мировоззрении. Осуществляется анализ исторических источников и данных о Баба Тукты Шашты Азизе, опираясь на исследования в области истории, культурологии, религии и философии. Исследуется историко-философская основа его образа, в частности, взаимоотношение кочевого тюркского мировоззрения с исламскими идеями, а также раскрывается сакральный статус этой личности с функциональной ролью и значением. Одна из целей работы — предложить альтернативные интерпретации взглядов ряда исследователей, рассматривающих его как мифологическую фигуру, отражающую элементы дорелигиозного тюркского мировоззрения, или как святую личность, проявившуюся в эпоху Золотой Орды. Исследуется его личность не только как мистический феномен в контексте духовной и воинской культуры казахов, но и как важный элемент эпической и родословной традиции, где акцент ставится на значение его мировой роли. В заключение авторы приходят к выводам о значении личности Баба Тукты Шашты Азиза в современном казахском культурном контексте и мировоззрении, рассматривая его через призму демистификации и мистификации, метафизического и прагматического подходов, религиозных и мировоззренческих элементов.

Ключевые слова: мировосприятие, религия, философия, история, святой, турки, Баба Тукты Шашты Азиз.

Adilbek Nabi^a, Berik Atash^a, Sultanmurat Abzhalov^b, Slushash Tulenova^a

^a*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

^b*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

The Metaphysical Significance of Baba Tukty Shashty Aziz: Manifestation in Historical Consciousness and Spiritual Space

Abstract: This work analyzes the image of Baba Tukty Shashty Aziz as a traditional character in Kazakh mythological and epic culture, while also attempting to reframe him as a historical figure who existed in the past. Within the context of history and philosophy, his life path, teachings, and role in the Turkic-Kazakh worldview are examined. The analysis is based on historical sources and data concerning Baba Tukty Shashty Aziz, drawing from research in the fields of history, cultural studies, religion, and philosophy. The historical and philosophical foundations of his image are explored, particularly focusing on the relationship between the nomadic Turkic worldview and Islamic ideas, as well as uncovering the sacred status of this figure with its functional role and significance. One of the goals of the work is to offer alternative interpretations of the views of several researchers who see him as a mythological figure reflecting elements of pre-religious Turkic worldview or as a saintly figure that manifested during the Golden Horde era. His personality is examined not only as a mystical phenomenon within the context of Kazakh spiritual and warrior culture but also as a significant element in epic and genealogical traditions, where the focus is placed on the importance of his role as a spiritual leader. In conclusion, the authors conclude the significance of Baba Tukty Shashty Aziz's personality in the contemporary Kazakh cultural context and worldview, analyzing him through the lenses of demystification and mystification, metaphysical and pragmatic approaches, as well as religious and worldview elements.

Keywords: worldview, religion, philosophy, history, sacred, Turks, Baba Tukty Shashty Aziz.

References

1. Aron, R. Etapy razvitiya sociologicheskoy mysli [Stages of Sociological Thought]. Ed. and foreword by P.S. Gurevich. Moscow: Izdatelskaya gruppa "Progress" – "Politika", 1993. [in Russian]
2. Babalar sozi: ZHuztomdyk Babalar sozi: [Words of the Ancestors: Multi-volume Collection]. Vol. 78: Kazakh Myths. Astana: "Foliant", 2011. [in Kazakh]
3. Baidauletov, S.S. Altyn kiimdi hanzada urandy kart kazaktar: Nemese kone zamannyn kokborilerinen – zhana zamannyn barysyna dejin: tarihi-tanyndyk zhinak [The Prince in Golden Clothes and the Elderly Warriors: From the Wolves of Ancient Times to the Tiger of Modernity: A Historical and Cognitive Collection]. Almaty, 2020. [in Kazakh]
4. Baluan tas. Baluandar men kures onerine bajlanysty anyz-afsanalar, kissa-dastandar, el auzyndagy angimeler (tarihi derekter). [The Wrestler's Stone: Legends, Myths, Tales, and Oral Histories Related to Wrestlers and the Art of Wrestling (Historical Sources)]. Vol. 2. Compiled by A. Kalnazarov. Almaty: "OtbasBooks", 2021. [in Kazakh]
5. Kazak halyk adebieti. Kop tomdyk [Kazakh Folk Literature. Multi-volume Collection]. Almaty: Zhasushy, 1986. Vol. 1: Epic of Heroes. [in Kazakh]
6. Grinin, L.E. Lekciya: Rol' lichnosti v istorii: istoriya i teoriya voprosa. Filosofiya i obshchestvo [Lecture: The Role of the Individual in History: History and Theory of the Question. Philosophy and Society], 4 (64), 2011: 175–193. [in Russian]
7. Gushchin, A.A. . Rol' lichnosti v istorii. Modeli, sistemy, seti v ekonomike, tekhnike, prirode i obshchestve [The Role of the Individual in History. Models, Systems, Networks in Economics, Technology, Nature, and Society], 3 (7), 2013: 233–236. [in Russian]
8. Esim, G. Adam-zat [Human Being]. Astana: Aqqarman, 2008. [in Kazakh]
9. Zhilkybaeva, M. Altyn adamnyn murasy. T. 2: Sak korgandardyn qupiya tili – 300 myn zhyldyn omirname [The Legacy of the Golden Man. Vol. 2: The Secret Language of Scythian Burial Mounds – A 300,000-year-old Biography]. Almaty: Nurly Älem, 2019. [in Kazakh]
10. Kemeluly, Kulyنشhak. SHygarmalary. Qurast [Works]. Compiled by O. Zholdybay. Astana: Foliant, 2015. [in Kazakh]
11. Kenesbaev, I. Frazeologiyalyk sozdik [Phraseological Dictionary]. Almaty: "Aris" Press, 2007. [in Russian]
12. Köktandi, Khamza. Turki teberigi- Turkestan [The Turkic Heritage – Turkestan]. Almaty: "Qasiet", 2008. [in Kazakh]
13. Kuzin, F.A. Metodika napisaniya. Pravila oformleniya. Poryadok zashchity. Prakticheskoe posobie dlya doktorantov, aspirantov i magistrantov [Methodology of Writing. Formatting Rules. Defense Procedure. A Practical Guide for Doctoral, Postgraduate, and Master's Students]. Edited by V.A. Abramov. 4th ed. Moscow: Osy-89, 2011. [in Russian]
14. Kazynaly ootustik.Kurast [The Treasured South]. Compiled by Q.T. Tajiyev, Sh.I. Isakhova. Almaty: "Nurly Älem", 2014. Series: Turkestan Library. Vol. 144: The Hydronyms of Southern Kazakhstan. [in Kazakh]
15. Kazynaly ootustik.Kurast [The Treasured South]. Compiled by Q.T. Tajiyev. Almaty: "Nurly Älem", 2011. Series: Turkestan Library. Vol. 22: 5th Book: Holy Saints. [in Kazakh]
16. Kazynaly ootustik.Kurast [The Treasured South]. Compiled by Q.T. Tajiyev. Almaty: "Nurly Älem", 2011. Series: Turkestan Library. Vol. 22: 3rd Book: Holy Saints. [in Kazakh]

17. Kondaybay, Serikbol. Tolyk shygarmalar zhinagy. Serikbol Kondyбай aleми. 3-tom. Mangystau geografiyasы. Mangystau men Ustirttin kieli oryndary] Complete Works. The World of Serikbol Kondaybay. Vol. 1. Introduction to Kazakh Mythology. Almaty: Aris, 2008. [in Kazakh]
18. Kondaybay, Serikbol. Complete Works. The World of Serikbol Kondaybay. Vol. 3. The Geography of Mangystau. Sacred Places of Mangystau and Ustirt. Almaty: Aris, 2008. [in Kazakh]
19. Mamyrbekova, G. Kazak tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Arabic and Persian Words in the Kazakh Language]. Almaty, 2017. [in Kazakh]
20. Turantegi, Dulat, Boranbay Zharylkhasyn. Baba Tukti SHashty Aziz. Tanymdyk zertteu [Baba Tukti Shashty Aziz: A Cognitive Study]. Shymkent: "Jibek jolı" Press, 1996. [in Kazakh]
21. Turantegi Dulat. Uskak bap [Ysqaq Bap]. Almaty: Sozdyk-Slovar', 1999. [in Kazakh]
22. Turkistan – ruhaniyat besigi. Lingvo-olketanu enciklopediyasy. Birinshi kitap [Turkistan – Cradle of Spirituality. Linguistic and Regional Encyclopedia]. First Volume. Nur-Sultan: Nurnama. KZ, 2019. [in Kazakh]
23. Ykasha ata [Ükasha ata]. Compiled by M. Daoutbaev. Shymkent: JK "Baytasov B.S." Publishing House, 2019. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах / Information about authors:

Нәби Әділбек – PhD-докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0001-3586-3098>, Adilbeknabi15@gmail.com.

Аташ Берік – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0003-3431-748X>, atash_berik@mail.ru.

Абжалов Сұлтанмұрат – философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Теология факультетінің деканы, Бекзат Саттарханов көшесі, 29, X41A4E4 (161200), Түркістан, Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-6238-9512>, sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz.

Төленова Сұлушаш Мұратбекқызы – PhD-докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0007-8091-9226>, sulushashtulenova@gmail.com.

Nabi Adilbek – Ph.D. student, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0001-3586-3098>, Adilbeknabi15@gmail.com.

Atash Berik – Doctor of Philosophical Sciences, Associated Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0003-3431-748X>, atash_berik@mail.ru.

Abzhalov Sultanmurat – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, 29, Bekzat Sattarhanov st., 010008, X41A4E4 (161200), Turkestan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-6238-9512>, sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz.

Tulenova Slushash – Ph.D. student, Al-Farabi Kazakh National University, Al-Farabi Ave. 71, 050040, Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0007-8091-9226>, sulushashtulenova@gmail.com.

Наби Адилбек – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби пр. Аль-Фараби, 71, 050040, <https://orcid.org/0009-0001-3586-3098>, Adilbeknabi15@gmail.com.

Аташ Берик – доктор философских наук, ассоциированный профессор кафедры философии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, пр. Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0003-3431-748X>, atash_berik@mail.ru.

Абжалов Султанмурат – кандидат философских наук, ассоциированный профессор, декан факультета теологии, Международный казахско-турецкий университет имени Кожы Ахмета Ясави, улица Бекзата Саттарханова, 29, X41A4E4 (161200), Туркестан, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-6238-9512>, sultanmurat.abzhalov@ayu.edu.kz.

Туленова Слушаш – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби пр. Аль-Фараби, 71, 050040, <https://orcid.org/0009-0007-8091-9226>, sulushashtulenova@gmail.com.

Мақала 15.12.2024 редакциясына түсті; 16.02.2025 рецензиядан кейін мақұлданды; 30.03.2025 жұртшылыққа қабылданды.